

**Қазақ тілі оқытушысының 2024 - 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : ЖШС "iBala" балабақшасы

Топ: «Балдаурен» предшкольной группы

Балалардың жасы: 5-6 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: 1) қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды, осы сөздерді қолдануды үйрету; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ; 2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және айқын дикцияны дамыту. Сөздік қор: 1) күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың жемістердің, көгөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну (киіз үй, оның ішінде жиһаз, тұрмыстық заттар) дағдыларын қалыптастыру; 2) заттардың белгілерін (түсі, көлемі), заттармен орындалатын әрекеттерді білдіретін сөздерді айтуды және түсінуді үйрету; 3) 10-ға дейін тура және кері санауды үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: 1) қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;

		2) сөз тіркестерін түсінуді үйрету және сөздерді өзара байланыстыру дағдысын жаттықтыру; 3) зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстыра сөйлеу: 1) қарапайым сұрақтар қоюды және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруді, диалогқа қатысуды үйрету; 2) өзінің тұратын жерін (қала, ауыл) атауды үйрету; 3) педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар туралы және суреттер бойынша қысқа мәтіндер құрастыруды үйрету; 4) мақал-мәтелдерді айтуды үйрету.
--	--	--